Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің
«Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское
государственное предприятие
на праве хозяйственного ведения
**«Институт востоковедения
имени Р.Б. Сулейменова»**
Комитета науки Министерства
науки и высшего образования
Республики Казахстан

БҰЙРЫҚ

28.12.2021 № 18

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№

город Алматы

«Қазақстан шығыстануы» журналының редакциялық саясатын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сайтындағы «Қазақстан шығыстануы» (https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/editorial-policy) ғылыми журналының қызметін жүйелеу, жарияланымдардың ғылыми сапасын арттыру, академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, мақалаларды қабылдау, рецензиялау және жариялау тәртібін реттеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан шығыстануы» (бұдан әрі – Журнал) ғылыми журналының редакциялық саясаты осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Журналдың бас редакторы мен редакциялық алқасы өз қызметінде бекітілген редакциялық саясат талаптарын басшылыққа алсын.

3. Журналға ұсынылатын ғылыми мақалалар:

- журналдың тақырыптық бағытына және мақала рәсімдеу талаптарына сәйкес келуі қадағалансын;
- міндетті түрде плагиатқа қарсы тексеру жүйесінен өтуі қадағалансын;
- тәуелсіз рецензиялау рәсімінен өтуі қадағалансын;
- ғылыми жарияланымдар этикасы мен академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес келуі қадағалансын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор **Д. Масиманулы**

0000961